

## Жіктеуіштерді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 21 ақпандағы № 259 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 5 наурызда № 16512 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 9-бабы 2-тармағына сәйке БҰЙЫРАМЫН:

### 1. Мыналар:

- 1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес кедендік декларациялау кезінде пайдаланылатын тыйым салулар мен шектеулердің сақталуын растайтын код жіктеуіштері;
- 2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес кедендік сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру жіктеуіші;
- 3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес мәміле сипатының жіктеуіші;
- 4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес сыртқы экономикалық мәмілелер ерекшеліктерінің жіктеуіші;
- 5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес тауарларға арналған декларацияның 33-бағанының екінші және үшінші бөлімдерінде толтырылатын зияткерлік меншік объектілері бар тауарлар кодтарының жіктеуіші;
- 6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес зияткерлік меншік объектілері құқықтарын қорғау бойынша электрондық өтінішті беру үшін қолданатын, құжаттардың және мәліметтердің жіктеуіші бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 30.04.2021 № 415 ( ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті ( А.М. Теңгебаев) заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы бұйрық мемлекеттік тіркеген күнінен бастап күнтізбек он күн ішінде оның көшірмелерін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің " Республикалық құқықтық ақпараттық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі

Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2018 жылғы 21 ақпандағы  
№ 259 бұйрығына  
1-қосымша

### Кедендік декларациялау кезінде пайдаланылатын тыйым салулар мен шектеулердің сақталуын растайтын код жіктеуіштері

| Код жіктеуіштері | Тыйым салулар мен шектеулердің атауы                                      |
|------------------|---------------------------------------------------------------------------|
| A                | Тауарларды әкелуге және (немесе) әкетуге тыйым салу                       |
| B                | Тауарларды әкелуге және (немесе) әкетуге мөлшерлемелік шектеулер          |
| C                | Тауарларды әкелуге және (немесе) әкетуге рұқсат беру тәртібі              |
| D                | Техникалық реттеу                                                         |
| E                | Санитарлық шаралар                                                        |
| F                | Ветеринариялық-санитариялық шаралар                                       |
| G                | Карантиндік фитосанитариялық шаралар                                      |
| H                | Қосарлы және әскери қолданыстағы (мақсаттағы) тауарлар және технологиялар |

### Тауарларды әкелуге және (немесе) әкетуге тыйым салу

| ТЕР коды | Сипаттама                                                                                                                                      |
|----------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| A01      | Уақытша тыйым салулар                                                                                                                          |
| A0100    | Уақытша тыйым салулар қолданылмайтын тауарларды кедендік рәсімдермен орналастыру                                                               |
| A0110    | Экспортқа және (немесе) импортқа уақытша тыйым салулар енгізілген тауарларды кедендік рәсіммен орналастыру                                     |
| A02      | Әкелуге және әкетуге тыйым салынған озон қабатын бұзатын заттар мен құрамында озон қабатын бұзатын заттары бар өнімдер                         |
| A0210    | Озон қабатын бұзатын заттар мен құрамында озон қабатын бұзатын заттары бар өнімдерді әкелуге және әкетуге тыйым салынған                       |
| A0215    | Жеке пайдалануға арналған тауарлар ретінде жеке тұлғалардың озон қабатын бұзатын заттар мен құрамында озон қабатын бұзатын заттары бар өнімдер |
| A03      | Әкелуге тыйым салынған қауіпті ұсақ қалдықтар                                                                                                  |

|       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
|-------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| A0310 | Қауіпті ұсақ қалдықтарды әкелуге тыйым салынған                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
| A0311 | Жеке пайдалануға арналған тауарлар ретінде қауіпті ұсақ қалдықтарды жеке тұлғалардың әкелуі және (немесе) әкетуі                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
| A0312 | "Тарифтік емес реттеу шаралары туралы" Еуразиялық экономикалық комиссиясы Алқасының 2015 жылғы 21 сәуірдегі №30 шешіміне 2-қосымшаға сәйкес көму және залалсыздандыру мақсатында Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелу және (немесе) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкетудің рұқсат ету тәртібі белгіленген Тауарлар тізбесінің (бұдан әрі – Бірыңғай тізбе) 2.3-бөліміне енгізілген қауіпті ұсақ қалдықтарды әкелу                                                                                                                                                                                   |
| A04   | Әкелуге және әкетуге тыйым салынған баспа басылымдарындағы, дыбыс-бейнелеу және өзге де ақпарат тасымалдағышындағы ақпарат                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
| A0400 | Тыйым салынған ақпараттарды қамтымайтын, әкелінетін және (немесе) әкетілетін баспа басылымдары және дыбыс-бейнелеу материалдары                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
| A0410 | Әкелінетін және (немесе) әкетілетін тыйым салынған ақпараттарды қамтитын, баспа басылымдарына және дыбыс-бейнелеу материалдарына – тыйым салынған.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
| A05   | Әкелуге тыйым салынған, өсімдіктерді қорғау құралдары және өзге де орнықты органикалық ластағыштар                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
| A0510 | 2001 жылғы 22 мамырдағы Орнықты органикалық ластағыштар туралы Стокгольм конвенциясының А және В қосымшаларының әрекетіне жататын өсімдіктерді қорғау құралдары және өзге де орнықты органикалық ластағыштар                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
| A06   | Ағаш материалдарын, регенерирленетін қағаз, картон, макулатураны Еуразиялық экономикалық одағының (бұдан әрі – ЕАЭО) кедендік аумағынан әкетуге тыйым салынған                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
| A0600 | Тыйым салу белгіленбеген, ағаш материалдарын, регенерирленетін қағаз, картон, макулатураны кедендік рәсіммен орналастыру                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
| A0610 | Ағаш материалдарын, регенерирленетін қағаз, картон, макулатураны кедендік рәсіммен орналастыру                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
| A07   | Әкелуге және (немесе) әкетуге тыйым салынған қызметтік және азаматтық қару, оның негізгі бөлшектері және оның патрондары                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
| A0710 | Әкелінетін және (немесе) әкетілетін қызметтік және азаматтық қарулар, олардың негізгі бөлшектері және оның патрондарына – тыйым салынған                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
| A08   | Әкелуге тыйым салынған, су биологиялық ресурстарын табу (аулау) құралдары                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
| A0800 | Бірыңғай тізбеге 1-қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелуге және (немесе) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкетуге тыйым салу белгіленген Тауарлар тізбесінің 1.7-бөлімінде көрсетілмеген су биологиялық ресурстарын табу (аулау) құралдарын әкелу                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
| A0810 | Әкелуге тыйым салынған су биологиялық ресурстарын табу (аулау) құралдары                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
| A09   | Әкелуге тыйым салынған, гренланды итбалығынан жасалған бұйымдар және гренланды итбалығының төлі                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
| A0900 | Гренланды итбалығынан жасалмаған бұйымдарды және гренланды итбалығының төлін әкелу                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
| A0910 | Гренланды итбалығынан жасалған бұйымдарды және гренланды итбалығының төлін әкелу                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
| A0911 | Гренланды итбалығынан жасалған бұйымдарды (гренланды итбалығының төлін: ақ үрпек, хохлуш және серокты қоспағанда), егер осындай бұйымдар, қазіргі уақытта олар арктикалық және субарктикалық аудандардың байырғы халықтары немесе байырғы халықтардың дәстүрлі құқығына ие деп түсінілетін, байырғы халықтар жүзеге асырылатын дәстүрлі аң аулау нәтижесінде алынса әкелуге рұқсат етіледі, оның ішінде бұл юпики, инуиаты (Аляска), инуиты, инувилуиты (Канада), калааллиты (Гренландия) Еуразиялық экономикалық комиссиясымен келісілген нысан бойынша берілетін тауардың шығарылған елінің уәкілетті органының сертификатымен расталады. |
|       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |

|       |                                                                                                                                                                                                                                            |
|-------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| A0912 | Гренланды итбалығынан жасалған бұйымдарды (гренланды итбалығының төлін: ақ үрпек, хохлау және серокты қоспағанда), егер жеке тұлғалар жеке пайдалануы үшін (коммерциялық мақсатта емес) әкелсе, осындай бұйымдарды әкелуге рұқсат беріледі |
| A10   | Әкетуге тыйым салынған тірі бұлғындар                                                                                                                                                                                                      |
| A1010 | Тірі бұлғындарды әкету                                                                                                                                                                                                                     |
| A11   | Нормативтік-құқықтық актілерде регламенттелген әкелуге және (немесе) әкетуге өзге тыйым салулар                                                                                                                                            |
| A1110 | Жеке пайдалануға арналған тауар ретінде минералдық шикізаттарды жеке тұлғалардың әкетуі                                                                                                                                                    |
| A1111 | Жеке пайдалануға арналған тауар ретінде улы заттарды жеке тұлғалардың әкелуі                                                                                                                                                               |
| A1112 | Жеке пайдалануға арналған тауар ретінде арнайы техникалық құралдарды жеке тұлғалардың әкелуі және (немесе) әкетуі                                                                                                                          |
| A1113 | Жеке пайдалануға арналған тауар ретінде адамның биологиялық материалдары үлгілерін қоспағанда, адам мүшелері мен тінін, қаны мен оның компоненттерін жеке тұлғалардың әкелуі және (немесе) әкетуі                                          |
| A1114 | Жеке пайдалануға арналған тауар ретінде жер қойнауы туралы ақпаратты жеке тұлғалардың әкетуі                                                                                                                                               |
| A1115 | Жеке пайдалануға арналған тауар ретінде өсімдікті қорғау құралдарын (пестицидтер) жеке тұлғалардың әкелуі                                                                                                                                  |
| A12   | Ұлттық мүдделерге негізделі отырып енгізілетін өзге де тыйым салулар мен шектеулер                                                                                                                                                         |

### Тауарларды әкелуге және (немесе) әкетуге мөлшерлік шектеулер

|          |                                                                                                                                                                                                                 |
|----------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| ТЕР коды | Сипаттама                                                                                                                                                                                                       |
| B01      | Еуразиялық экономикалық одағының (бұдан әрі – ЕАЭО) кедендік аумағына ауыл шаруашылығы тауарларының жекелеген түрлерін әкелу                                                                                    |
| B0110    | Тарифтік квота белгіленген ауыл шаруашылығы тауарларының жекелеген түрлерін кедендік рәсіммен орналастыру                                                                                                       |
| B02      | ЕАЭО кедендік аумағына дәмдік-хош иісі немесе бояғыш қоспалары жоқ шикі құрақ қантын әкелу                                                                                                                      |
| B0200    | Кедендік әкелу бажын өндіріп алудан босатпай Қазақстан Республикасының аумағында өнеркәсіптік қайта өңдеу үшін дәмдік-хош иісі немесе бояғыш қоспалары жоқ шикі құрақ қантын кедендік рәсіммен орналастыру      |
| B0210    | Кедендік әкелу бажын өндіріп алудан босата отырып Қазақстан Республикасының аумағында өнеркәсіптік қайта өңдеу үшін дәмдік-хош иісі немесе бояғыш қоспалары жоқ шикі құрақ қантын кедендік рәсіммен орналастыру |

### Тауарларды әкелуге және (немесе) әкетуге рұқсат ету тәртібі

|          |                                                                                                                                                                         |
|----------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| ТЕР коды | Сипаттама                                                                                                                                                               |
| C01      | Озон қабатын бұзатын заттар                                                                                                                                             |
| C0100    | Озон қауіпсіздігі заттарды және құрамында озон қауіпсіздігі заттары бар өнімдерді кедендік рәсіммен орналастыру                                                         |
| C0110    | Озон қабатын бұзатын заттарды және құрамында озон қабатын бұзатын заттары бар өнімдерді кедендік рәсіммен орналастыру                                                   |
|          | Әуе, теңіз (өзен), автомобиль, теміржол көлік құралының техникалық құрылғыларын және жабдықтарды қалыпты пайдалану үшін, оның ішінде олардың техникалық сипаттамаларына |

|       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
|-------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| C0111 | сәйкес пайдалану үшін озон қабатыны бұзатын заттар қажет тоназытқыш жабдығына, ауа баптағыш жүйесіне, өрт сөндіру құралдарына және өзге де жабдықтарға және техникалық құрылғыларға құю, қосымша                                                                                                                     |
|       | құю үшін қажетті мақсатта және мөлшерде, осы көлік құралымен бірге өткізілетін озон қабатын бұзатын заттарды әкелу және (немесе) әкету                                                                                                                                                                               |
| C0112 | Әуе, теңіз (өзен), теміржол көлік құралдарының жабдықтары мен техникалық құрылғысын қалыпты пайдалануды қамтамасыз ету үшін қажетті мөлшердегі керек-жарақтар ретінде құрамында озон қабатын бұзатын заттары бар және пайдаланатын өнімдерді әкелу және (немесе) әкету                                               |
| C0113 | Автомобиль көлік құралымен, осы көлік құралының жабдықтар мен техникалық құрылғыларын қалыпты пайдалануды қамтамасыз ету үшін қажетті мөлшерде өткізілетін құрамында озон қабатын бұзатын заттары бар өнімдерді әкелу және (немесе) әкету                                                                            |
| C0114 | Озон қабатын бұзатын болып табылмайтын химиялық заттардың өндірісі үшін шикізат ретінде ғана пайдаланылатын озон қабатын бұзатын заттарды әкелу және (немесе) әкету                                                                                                                                                  |
| C0115 | 1987 жылғы 16 қыркүйектегі, Озон қабатын бұзатын заттар жөніндегі Монреаль Хаттамасына сәйкес оларды қолдану мақсатында озон қабатын бұзатын заттарды әкелу және (немесе) әкету                                                                                                                                      |
| C0116 | Рециркуляцияланған, қайта қалпына келтірілген және (немесе) кәдеге жаратылған болып табылатын озон қабатын бұзатын заттарды әкелу және (немесе) әкету                                                                                                                                                                |
| C0117 | Құрамында Бірыңғай тізбенің 1.1-бөлімінің А тізіміндегі II тобында көрсетілген заттар қамтылған, жылжымалы өрт сөндіргішті әкелу және (немесе) әкету                                                                                                                                                                 |
| C0118 | Метилхлороформды (МХФ) әкелу және (немесе) әкету жағдайында, яғни ЕАЭО СЭҚ ТН 2903191000 коды бойынша 1,1,1-трихлорэтан, C2H3Cl3 формуласы 1,1,2-трихлорэтанға жатпайды                                                                                                                                              |
| C02   | Өсімдіктерді қорғау құралдары (пестицидтер)                                                                                                                                                                                                                                                                          |
| C0200 | Өсімдіктердің қорғау құралдары (пестицидтер) болып табылмайтын химиялық және (немесе) биологиялық препараттарды кедендік рәсіммен орналастыру                                                                                                                                                                        |
| C0210 | Тіркелген өсімдіктердің қорғау құралдарын (пестицидтер) кедендік рәсіммен орналастыру                                                                                                                                                                                                                                |
| C0211 | Тіркелмеген өсімдіктердің қорғау құралдарын (пестицидтер) кедендік рәсіммен орналастыру                                                                                                                                                                                                                              |
| C03   | Қауіпті ұсақ қалдықтар                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
| C0300 | Ұсақ қалдықтар болып табылмайтын тауарларды кедендік рәсіммен орналастыру                                                                                                                                                                                                                                            |
| C0310 | Қауіпті ұсақ қалдықтарды кедендік рәсіммен орналастыру                                                                                                                                                                                                                                                               |
| C04   | Минералогия және палеонтология бойынша коллекциялар мен                                                                                                                                                                                                                                                              |
|       | коллекциялау заттары, қазба жануарларының сүйектері                                                                                                                                                                                                                                                                  |
| C0400 | Минералогия, палеонтология бойынша коллекциялау материалдары, қазба жануарларының сүйектері болып табылмайтын тауарларды кедендік рәсіммен орналастыру                                                                                                                                                               |
| C0410 | Минералогия, палеонтология бойынша коллекциялау материалдарын, қазба жануарларының сүйектерін кедендік рәсіммен орналастыру                                                                                                                                                                                          |
| C0411 | Жеке пайдалануға арналған тауарлар ретінде коллекциялау материалдарын жеке тұлғалардың әкетуі қорытынды (рұқсат беру құжаты) болған кезде жүзеге асырылады                                                                                                                                                           |
| C05   | Жабайы тірі аңдар                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
| C0500 | Үй тұрмысындағы тірі жануарларды және (немесе) өсімдіктерді кедендік рәсіммен орналастыру                                                                                                                                                                                                                            |
| C0510 | Жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді кедендік рәсіммен орналастыру                                                                                                                                                                                                                       |
| C0511 | Ғылыми зерттеу үшін жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктердің үлгілерін ғылыми мекемелерге, сондай-ақ алмасу, сыйға беру мен гендік қорларды толтыру мақсатында жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді хайуанаттар бағына, көшеттер мен ботаникалық бақтарға әкету |

|       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
|-------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| C0512 | Жеке пайдалануға арналған тауарлар ретінде жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді жеке тұлғалардың әкетуі                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |
| C0513 | Бір түрдегі 3 данадан көп емес мөлшердегі, сондай-ақ 1 кг-дан көп емес қабықтағы самырсын жаңғақтарын, 0,5 кг-дан көп емес салмақтағы қабықсыз самырсын жаңғақтарын жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді жабайы тірі жануарлардың және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктердің бірлі-жарым үлгісінде жеке пайдалануға арналған тауарлар ретінде жеке тұлғалардың әкетуі                                                          |
| C06   | Сирек кездесетін жабайы тірі жануарларды және (немесе) жабайы өсетін өсімдіктерді әкету                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
| C0600 | Үй тұрмысындағы тірі жануарларды және (немесе) өсімдіктері кедендік рәсіммен орналастыру                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
| C0610 | Құрып кету қаупінде тұрған жабайы фауна және флора түрлерімен халықаралық сауда                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
| C0611 | Жеке және үй тұрмысындағы заттар болып табылатын, құрып кету қаупінде тұрған жабайы фауна және флора түрлері                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
| C0612 | Әкелінетін және (немесе) әкетілетін жапсырмасы бар, коммерциялық емес негізде уақытша пайдалану үшін, сыйға немесе ғалымдар немесе ғылыми мекемелермен арасында алмасу тәртібімен, гербарии үлгілері, басқа консервіленген, кептірілген немесе спиртке салынған мұражай үлгілері және тірі өсімдіктер материалы                                                                                                                                           |
